| | |
|---|---|
| **Шымкент қаласы білім басқармасының №31 «Терешкова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі** | **Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа №31 имени Терешковой» управление образования города Шымкент** |

| | |
|---|---|
| **БҰЙРЫҚ** | **ПРИКАЗ** |
| **2025 жылғы «02» қыркүйек** | **№313** |
| **Шымкент қаласы** | **город Шымкент** |

**Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын ашу туралы**

«Шымкент қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 02.10.2023ж күнгі №10-07-07/5208 хатын басшылыққа ала отырып БҰЙЫРАМЫН:

1.«2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде, мектепте «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдестемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасымен бекітілген ата-аналар қауымдастығы мен өзара іс-қимылын нығайту, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылсын.

2.Балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша бекітілген әдістемелік ұсынымдарды сынып жетекшілерге таныстыру жауапкершілігі Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

3.Балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» бағдарламасын түзу ДТЖЖО Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

4.«Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыру үшін «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Жеңге кеңесі» секциялары төмендегідей болып бекітілсін.

**«Ата өсиеті» секциясы құрамы:**
Жәнібеков Нартай
Уайсов Манат
Тәкенбаев Дінәсіл
Турдалиев Қайрат

**«Әже даналығы » секция құрамы:**
Боташева Білімжан
Жунусова Назира
Назарбекова Жаксыгул
Мырзалиева Гулмира

**«Аға қамқорлығы» секция құрамы:**
Жамалбеков Руслан
Айметов Қанат
Зейілбеков Жарқын
Турдықулов Ғани

**«Жеңге кеңесі» секция құрамы:**
Молдаханова Ұлжан
Мықтыбай Қарлығаш
Бақтыорзова Элмира
Тұрмаханова Жадыра

5.«Даналық мектебі» клубының тікелей кураторы болып директордың тәрбие жөніндегі орынбасарлары Ғ.Нұсқабай, Қ.Калиева тағайындалсын.

6.«Даналық мектебі» клуб қызметіне жан-жақты қолдау көрсету Қамқоршылық кеңеске жүктелсін.

7.Клуб аясында интерактивті дәрістер, әңгімелер, тақырыптық пікірталастар, қызықты адамдармен кездесулер, бейнематериалдарды қарау және талқылау; шығармашылық кештер, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізілсін. Жауапкершілік сынып жетекшілерге жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры: Е.К.Нурсеитов

Шымкент қаласы білім басқармасының
№31 «Терешкова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«Общеобразовательная средняя школа №31 имени Терешковой»
управление образования города Шымкент

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

**2025 жылғы «08» қыркүйек**
**Шымкент қаласы**

**№ 320**
**город Шымкент**

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметін ұйымдастыру» туралы**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 5 ақпандағы №55 бұйрығы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы негізінде **Бұйырамын:**

1. 2025-2026 оқу жылында мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру бойынша қызмет ұйымдастырылсын.
2. Функционалды жауапкершілікті бөлумен қоса мектептің ішкі тәртіп ережесі бекітілсін, бағдарламаны іске асыру қызметіне басшылық жасап, бақылауды жүзеге асыру жауапкершілігі тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.
3. Даналық мектебі клубы мен бағдарламаны іске асыру үшін курстық даярлықтан өткен педагог қызметкерлердің және шығармашыл педагогтердің құрамы анықталып, жұмыс тобы бекітілсін.
4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру арқылы мектеп пен отбасының өзара іс-қимылы» жаңа бағытын құра отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспарына бағдарламаны іске асыру қосылсын.
5. Сынып жетекшілер ата-аналардың бағдарламаға қатысуын қамтамасыз етсін. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері туралы ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, ата-аналар жиналыстарында мектептің оң тәжірибесі жариялансын. Жауапкершілік сынып жетекшілерге жүктелсін.
6. Мектеп әкімшілігі бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті әлеуметтік желілерге және мектеп сайтында ілгерілетуді жүзеге асырсын, бірлескен табысты нәтижені насихаттап, бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметке белсенді қатысу үшін мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік әріптестерді демеушілер тартылсын.
7. Мектеп әкімшілігі бағдарлама қызметінің қорытынды іс-шараларын /ата-аналар форумы, ата-аналар конференциясы, ата-аналар оқулары/ ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалап жұмыс жүргізу жауапкершілігі тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ғ.Нұсқабайға, Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры: Нурсеитов Е.К

**БЕКІТЕМІН:**
Терешкова атындағы
№31 жалпы орта білім беретін
мектеп директоры
__________ Е.К.Нурсеитов
«_5_» «_09_» 2025 жыл

# Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру жылдық жұмыс жоспары

2025 – 2026 оқу жылы

## БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ІШКІ КҮШ» ТРЕНИНГТІК БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы Өкілдігінің қолдауымен дайындалған Бағдарламаның өзектілігі. Қазіргі әлемде балалар мен жасөспірімдер өздерінің психологиялық әл-ауқатына терең әсер ететін жан жарақатына ұшырау оқиғаларына жиі тап болады. Жан жарақаты – бұл эмоционалды және психологиялық стресті тудыратын терең күйзеліс. Бұл баланың өміріне, қауіпсіздігіне немесе тұтастығына қауіп төндіретін оқиғалар мен жағдайлардың әсерінен туындайды. Жан жарақаты бір оқиғаның салдарынан да, қайталанатын немесе созылмалы жағдайлардан да туындауы мүмкін. Жан жарақаты жай ғана оқиға емес, керісінше, оған деген реакция екенін түсіну маңызды. Бірдей оқиға бір бала үшін ауыр болса, екіншісі үшін олай болмауы мүмкін. Бұл көптеген факторға байланысты, соның ішінде баланың жасы, оның жеке ерекшеліктері, жақындарының қолдауы және бастан кешірген оқиғаға қатысты болуы мүмкін. Балалардың жан жарақатына ұшырауы әртүрлі тәуекел факторына байланысты болуы мүмкін: физикалық, эмоционалдық немесе жыныстық зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллинг; жақындарынан айырылуға байланысты жан жарақаттары; табиғи апаттар. Жан жарақатына бағдарланған тәсілдемеге негізделген «Ішкі күш» бағдарламасы жан жарақаты оқиғаларын бастан кешірген балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеудің ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдің қалыптасуы мен дамуы Джудит Герман (2021) және Бессель ван дер Колк (2020) еңбектерімен байланысты. «Ішкі күш» бағдарламасы екі негізгі мақсатты топқа бағытталған:

1. Жан жарақаты оқиғаларына тап болған және эмоционалды әл-ауқатты қалпына келтіру үшін қолдауды қажет ететін 12-15 жас аралығындағы жасөспірімдер (6-9 сыныптар).
2. Бала үшін қауіпсіз ортаны құруда шешуші рөл атқаратын және тиімді қолдау құралдарын қажет ететін ата-аналар немесе қамқоршылар. Балаларға арналған тренингтің құндылығы бала үшін қауіпсіз және қолдау ортасының құрылуымен анықталады. Онда бала: • Жан жарақаты тәжірибесін өңдеуді; • өз эмоцияларын тани және басқаруды; • бақылау және қауіпсіздік сезімін қалпына келтіруді; • стреспен күресу дағдыларын дамытуды; • басқалармен қарым-қатынасты жақсартуды үйренеді. Бағдарлама ата-аналар үшін де үлкен маңызға ие, өйткені баланың жан жарақатын бастан кешіруі ата-аналардың дәрменсіздік, өздерін кінәлі санау және АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ 13 алаңдаушылық сезімдерін тудырады. Жан жарақатына бағдарланған тәсілдемені меңгеру ата-аналарға: • баланың эмоционалды қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге; • тиімді көмек және қолдау көрсетуге; • жан жарақатына қайта ұшыраудың алдын алуға; • отбасында қауіпсіз және қолдау ортасын құруға мүмкіндік береді. «Ішкі күш» тренингтік бағдарламасының мазмұны

1-кездесу: Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз

2-кездесу: Эмоциялар және оларды білдіру жолдары

3-кездесу: Тәжірибені ұғыну және ішкі күш

4-кездесу: Өзіне-өзі көмектесу және өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту.

Бағдарлама балалар және олардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмысты біріктіреді, бұл бүкіл отбасы үшін біртұтас қолдау ортасын құруға мүмкіндік береді. Жұмыста жан жарақатына бағдарланған тәсілдеменің ғылыми негізделген әдістері қолданылады: топтық динамиканы дамыту, эмоциялармен жұмыс істеу, тәжірибені ұғыну, өзіне-өзі көмектесу және өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту, қатысушылардың сәтті бейімделуіне және қалпына келуіне ықпал ететін балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын нығайту. Бағдарлама БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілдігінің қолдауымен әзірленді.

**«Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы негізінде оқушыларға арналған жұмыс жоспары (6 – 9 сынып оқушылары)**

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз | Қазан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Эмоциялар және оларды білдіру жолдары | Желтоқсан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 3 | Тәжірибені ұғыну және ішкі күш | Ақпан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 4 | Өзіне – өзі көмектесу және өзін – өзі қорғау дағдыларын дамыту | Сәуір (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

**«Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы негізінде ата – аналарға арналған жұмыс жоспары (6 – 9 сынып оқушылары)**

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз | Қазан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Эмоциялар және оларды білдіру жолдары | Желтоқсан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 3 | Тәжірибені ұғыну және ішкі күш | Ақпан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 4 | Өзіне – өзі көмектесу және өзін – өзі қорғау дағдыларын дамыту | Сәуір (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

**«Ішкі күш» тренингтік бағдарламасы негізінде**
**бірлескен жұмыс жоспары**
**(6 – 9 сынып оқушылары)**

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қауіпсіздік пен сенімнің негізін қалаймыз | Қазан<br>(30-40 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Эмоциялар және оларды білдіру жолдары | Желтоқсан<br>(45 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 3 | Тәжірибені ұғыну және ішкі күш | Ақпан<br>(30-40 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 4 | Өзіне – өзі көмектесу және өзін – өзі қорғау дағдыларын дамыту | Сәуір<br>(30-40 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

## «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ» АТА-АНАЛАР МЕН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН САБАҚТАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарлама Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Өкілдігінің қолдауымен әзірленген. Бағдарламаның өзектілігі отбасыларға кешенді қолдау көрсету қажеттілігінің артуымен, әсіресе цифрландыру жағдайында зорлық-зомбылық тәуекелінің жоғарылауымен байланысты. Бағдарлама қауіпсіз ортаны қалыптастыруға және ата-аналардың балаға тәлімгер мен қорғаушы ретіндегі рөлін нығайтуға бағытталған. Зорлық-зомбылық – бұл физикалық, психологиялық немесе әлеуметтік зиян келтіретін күшті, қысымды немесе билікті саналы түрде қолдану. Зорлық-зомбылықтың негізгі түрлері • Физикалық: соққы, тұншықтыру, еркіндікті шектеу, ауырсыну келтіру. • Психологиялық: қорлау, қауіп төндіру, манипуляция, газлайтинг. • Эмоционалдық: елемеу, төмендету, оқшаулау, бопсалау. • Жыныстық: келісімсіз кез келген жыныстық әрекеттер, әсіресе балаларға қатысты. • Экономикалық: қаржыны бақылау, жұмыс істеуге тыйым салу, ресурстардан айыру. • Ақпараттық: жалған ақпарат тарату, кибербуллинг. Зорлық-зомбылық баланың психикасына кері әсер етеді, әсіресе ол қайталанып отырса немесе жақын адамдар тарапынан жасалса. Мұндай жағдайлар баланың бойында тұрақты қорқыныш пен мазасыздық сезімін тудыруы мүмкін. Бұл өз кезегінде үрейлі ұстамаларға, түнгі қорқынышты түстерге және жалпы қауіп-қатер сезіміне алып келеді. Бала әлемді жауыз ретінде қабылдай бастайды және ересектерге деген сенімін жоғалтады. Депрессия пайда болады, көбінесе ол суицидалды ойлармен және көмекке зәрулік сезімімен бірге жүреді. Өзін төмен бағалау, кінә мен ұят сезімі тұрақты серігіне айналады, ал импульсивтілік пен агрессия қарым-қатынаста қиындықтар туғызып, жанжалға бейімділікке алып келеді. Оқуына кері әсер етеді: бала оқуына қызығушылығын жоғалтады, зейінін шоғырландыру қиынға соғады, есте сақтау мен назар аудару қабілеті нашарлайды. Көп жағдайда бала тұйықталып, катарластарының ортасынан алыстайды, жалғыздықты жөн көреді. Ұзақ мерзімді тұрғыда зорлық-зомбылық деструктивті өмірлік сценарийлердің қалыптасуына, болашақтағы қа- АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ 61 рым-қатынастарда күш көрсету үлгілерін қайталауға, ішкі жан күйзелісін жеңудің жолы ретінде түрлі тәуелділіктерге — алкоголь мен есірткіден бастап құмар ойындарға дейін — әкелуі мүмкін. Созылмалы аурулар, ұйқысыздық, тамақтану бұзылыстары сынды психосоматикалық дерттер — терең психологиялық жарақаттардың көрінісі. Осы салдарлардың барлығы ерте кезеңде араласудың, ересектердің мұқият назарын және жүйелі қолдаудың маңыздылығын айқын көрсетеді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу кешенді көзқарасты талап етеді, оған білім беру, қолдау көрсету және әлеуметтік бастамалар кіреді. Балалар мен ересектерге зорлық-зомбылықтың белгілерін

тануды үйрету, эмоционалдық интеллектіні дамыту және зорлықсыз қарым-қатынас дағдыларын енгізу маңызды. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынасты құрмет пен сенімге негізделген түрде құра білуі үшін жағымды тәрбие беру бойынша білім алуы қажет. Сондай-ақ психологиялық көмекке, жедел желілер мен дағдарыс орталықтарына қолжетімділік, бала өз сезімін еркін жеткізе алатын қауіпсіз әрі сенімді отбасылық және оқу орталарының болуы үлкен маңызға ие. Отбасында сүйіспеншілікке, қауіпсіздікке және айқын шекараларға негізделген атмосфера қалыптасуы қажет, мұнда күш қолдану мүлдем болмауы тиіс. Тәрбиедегі агрессивті әдістерге жол беруге болмайды, себебі олар зорлыққа негізделген мінез-құлық үлгілерін қалыптастырады. Қоғамдық деңгейде қауіпсіз кеңістіктерді қалыптастыру, әйелдер мен жасөспірімдерді алдын алу жобаларына тарту, сондай-ақ құрмет пен қамқорлық мәдениетін қалыптастыру мақсатында қоғамдық және діни көшбасшылармен жұмыс жүргізу маңызды. Осындай шаралардың барлығы зорлық-зомбылыққа жол бермейтін орта құруға септігін тигізеді. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасын жасау қазіргі тәрбиелеудегі қиындықтарға тап болған ата-аналарды жүйелі қолдаудың арту қажеттілігінен туындады. Цифрландыру жағдайында, әлеуметтік нормалардың өзгеруі мен зорлық-зомбылық қаупінің, соның ішінде онлайн ортадағы қауіптің артуы салдарынан ата-аналарға балалармен конструктивті өзара әрекеттесу, қауіп белгілерін тану және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша практикалық дағдыларды меңгеру қажет. Мұндай бағдарлама тек саналылықты арттырып қана қоймай, ата-аналардың баланың өміріндегі қорғаушы және тәлімгер ретіндегі рөлін нығайтуға көмектеседі. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының сабақтарының вариативті модулі ретінде ұсынылады. Бұл модуль ата-аналардың балалармен конструктивті өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға, зорлық-зомбылықтың алдын алуға және баланың тәрбиесіне нақты және цифрлық ортада белсенді қатысуға бағытталған.

«Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы екі негізгі мақсатты топқа бағытталған.

• 1–4, 5–9 және 10–11 сынып оқушылары: эмоциялық өзін-өзі реттеу, қауіпсіз мінез-құлық, қауіп-қатерлерді танып-білу және көмек сұрау дағдыларын дамытуға мұқтаж білім алушылар. Сонымен қатар, бағдарлама балалардың ересектерге сенімін қалыптастыруға, саналылықты арттыруға және қауіпсіз білім беру ортасында өзара құрмет мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

• Баланың қауіпсіз ортасын құруда маңызды рөл атқаратын ата-аналар немесе қамқоршылар, олар тиімді қолдау көрсетуге арналған құралдарға мұқтаж.

«Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы, әсіресе зорлық-зомбылыққа немесе эмоционалдық жарақаттарға ұшыраған балалардың әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Тренингке қатысу балаға өз сезімдерін түсінуге, ішкі тұрақтылығын қалпына келтіруге және өзін қауіпсіз сезінуге көмектеседі.

**Тренинг:**

• Уайым мен қорқыныш сезімін азайтуға;

• Ересектерге деген сенімді қалпына келтіру және қорғану сезімін қалыптастыруға;
• Өзін-өзі реттеу және эмоционалдық интеллект дағдыларын дамытуға;
• Зейін мен оқу мотивациясын жақсартуға;
• Өзін-өзі бағалау мен сенімділікті нығайтуға;
• Қауіпсіз шекараларды қалыптастыру және көмек сұрай білу қабілетін дамытуға;
• Қайталама жарақаттану мен зорлық мінез-құлқы сценарийлерінің алдын алуға ықпал етеді. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы ата-аналарды, әсіресе бала зорлық-зомбылыққа немесе эмоционалдық жарақат белгілеріне тап болған жағдайда қолдауда маңызды рөл атқарады. Мұндай жағдайлар ересектерде уайым, кінә сезімі және шатасу тудырады. Тренинг ата-аналарға дәрменсіздік күйінен шығуға, түсінікті әрі тиімді жауап беру стратегияларын ұсынуға көмектеседі.

Сондай-ақ: • Баланың психологиялық реакцияларын тереңірек түсінуге;
• Баланың қалпына келу үдерісінде жанашырлықпен қолдау көрсетуге;
• Өз стрессін төмендетіп, ата-ана ретінде сенімділікті нығайтуға;
• Тұрақты және қауіпсіз отбасылық ортаны қалыптастыруға;
• Агрессивті тәрбиелеу әдістері арқылы қайталама жарақаттануды болдырмауға;
• Баламен байланысын нығайтып, сенімді қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

«Бала қауіпсіздігі» бағдарламасының мазмұны 1-сабақ. Қауіпсіздік түсінуден басталады 2-сабақ. Онлайнда — қорықпай: жанында болу және түсіну Бағдарлама балалар мен олардың ата-аналарымен жұмыс істеуді үйлестіреді, бұл бүкіл отбасыға біртұтас қолдаушы орта құруға мүмкіндік береді. Жұмыста ғылыми негізделген әдістер қолданылады: топтық динамиканы дамыту, эмоциялармен жұмыс істеу, тәжірибені түсіну, өзін-өзі қолдау және өзінөзі қорғау дағдыларын дамыту, бала мен ата-ананың қарым-қатынасын нығайту, бұл қатысушылардың сәтті бейімделуіне және қалпына келуіне септігін тигізеді. «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы Өкілдігінің қолдауымен әзірленді.

**«Бала қауіпсіздігі» тренингтік бағдарламасы негізінде оқушыларға арналған жұмыс жоспары**

(1–4 сыныптарға арналған сабақтар)

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Мен не дұрыс, не бұрыс екенін білемін! | Қазан (50 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Ережесін білсем, интернет — менің сенімді досым | Қаңтар (45 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

(5–9 сыныптарға арналған сабақтар)

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Зорлық-зомбылыққа жол жоқ: шекараңды таны, қорғануды үйрен! | Қазан (50 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Цифрлық әлемде қорғанудың жолдары | Қаңтар (50 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

(10–11 сыныптарға арналған сабақтар)

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Жеке шекара және зорлық-зомбылық: көремін, түсінемін, әрекет етемін | Қазан (50 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Желідегі қауіптер және олардан қорғану жолдары | Қаңтар (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

**«Бала қауіпсіздігі» тренингтік бағдарламасы негізінде ата – аналарға арналған жұмыс жоспары**

(1–4 сыныптарға арналған сабақтар)

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | Жеке қауіпсіздік және баланы зорлық-зомбылықтан қорғау | Қазан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Цифрлық қауіпсіздік және баланы онлайн ортада қорғау | Қаңтар (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

(5–9 сыныптарға арналған сабақтар)

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | Жасөспірімді зорлық-зомбылықтан қорғаудың негізі – сенім мен жеке шекараға құрмет | Қазан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Бүгінгі жасөспірім: қауіптің белгілері және қорғану тәсілдері | Қаңтар (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

(10–11 сыныптарға арналған сабақтар)

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | Шекара мен қолдау: жасөспірімге өмірлік сынақтарды еңсеруге қалай көмектесуге болады | Қазан (60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |
| 2 | Цифрлық әлемдегі жасөспірімнің қауіпсіздігі мен жауапкершілігі | Қаңтар (65 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Тәрбие мамандары |

**Даму үшін әріптестік: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата – аналарына арналған бағдарлама**

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды (ЕББҚ) оқыту — баршаға тең мүмкіндік беретін инклюзивті білім берудің маңызды бөлігі. Баланың сәтті бейімделуі кешенді тәсілсіз мүмкін емес: оның жеке ерекшеліктерін ескеру, арнайы жағдай жасау және отбасының белсенді қатысуы қажет.

Ата-аналар — баланың өміріндегі басты тәрбиешілер. Олардың білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығы мен белсенді қатысуы баланың оқу жетістігіне және әлеуметтенуіне тікелей әсер етеді. Алайда көптеген отбасылар ақпараттың жетіспеушілігіне, эмоционалдық қиындықтарға және баланы қолдау мәселелеріндегі сенімсіздікке тап болады.

Осы сабақтар мен әдістемелік ұсынымдар келесі мақсаттарға бағытталған:

• отбасылар мен мамандар арасындағы серіктестік қарым-қатынасты дамыту;

• ата-аналардың білім беру процесінің тең құқықты қатысушылары ретіндегі рөлін күшейту;

• ата-аналарға қолдау көрсету және сүйемелдеу үшін практикалық құралдарды ұсыну.

Ата-аналармен жұмыс келесі қағидаттарға негізделеді:

• Жеке көзқарас: баланың даму ерекшеліктерін, отбасылық жағдайды және ата-аналардың белсенділік деңгейін ескеру;

• Серіктестік және ынтымақтастық: бірлескен шешімдер қабылдау, жеке білім беру бағыттарын жасауға қатысу;

• Ашықтық және қолжетімді ақпарат: оқыту әдістері, технологиялар мен ресурстар туралы өзекті мәліметтерді ұсыну;

• Психологиялық-педагогикалық қолдау: ашық диалог үшін жайлы орта құру, ата-аналардың уайымын азайту және сенімділігін арттыру.

Сабақ барысында қарастырылатын мәселелер:

• ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеудің нормативтік-құқықтық негіздері;

• отбасы мен білім беру ұйымдарының тиімді өзара әрекеттесу формалары;

• сәтті серіктестік мысалдары мен педагогикалық технологиялар;

• ата-аналарды қолдау құралдары — консультациялар, тренингтер, өзара көмек топтары.

Бұл сабақтар — әр баланың әлеуетін ашуға, отбасының рөлін күшейтуге және ЕББҚ бар балалардың оқуына, дамуына және өмір сапасына қолдау көрсететін инклюзивті ортаны қалыптастыратын тұрақты өзара әрекет жүйесін құру жолындағы қадам.

**Даму үшін әріптестік: Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата – аналарымен жүргізілетін жұмыс жоспары**

| р\с | Тақырыбы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Түсінемін және қолдаймын: ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға ата – ана ретінде қалай жақын болу керек | Қазан<br>(60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Арнайы мамандар |
| 2 | Қабылда, түсін: ЕББҚ балалар мен ата - аналар | Қаңтар<br>(60 минут) | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп психологы<br>Арнайы мамандар |

## *Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-нің*

## *2025-2026 оқу жылында мектептің 6 «А» сыныбының*

## *Ата-аналар жиналысының*

# *КҮН ТӘРТІБІ*

*Өткізілген күні*

*2 -ауысым*
*23.01.2026ж*

## *Уақыты: 17.30*

## Күн тәртібінде:

1. ІІ тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың сабақ үлгерімімен тәртібі туралы
2 Ата-аналарды ҚР БжҒМ 2016 жылғы 14 қаңтардағы орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы №26 бұйрығымен қайталап таныстыру.ҚР «Білім туралы заңы»47 бабы «15-1 тармағы Білім алушылар білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісін сақтауға міндетті».
3 Мектеп оқушыларына сабақ процесінде ұялы телефонды ұстауға тыйым салу туралы.
4 Ата-аналардың, оқушылардың құқығы мен міндеттері.Қ.Р. «Білім туралы Заңы»
5 49-47 баптарын таныстыру.
6 Ата-аналарға Қ.Р. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің » 409,442,127 баптарын таныстыру.Қ.Р «Білім туралы»Заңымен 63 бабы 1,2 тармағымен таныстыру.
7. «2025-2026»оқу жылында ҚР ОРТА БІЛІМ БЕРУ ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің

ерекшеліктері туралы»әдістемелік нұсқау хаты негізінде,сыныпта «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасымен бекітілген ата-аналар қауымдастығы мен өзара іс-қимылын нығайту,ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы іс-шараларымен таныстыру.

«Даналық мектебі», «Ата өсиеті», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі»секцияларын құру.

(тренинг,коучинг,дөңгелек үстел,семинар т.б)сабақтар өту. (8 сағат)

8. Отбасы,әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «АМАНАТ

111»БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ сенім телефонын ата-

аналарға таныстыру.

**9.** Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің №21-1-21-4/7504 хатына
сәйкес
балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау,суицидтің алдын алу және олардың құқықтарымен
әл- ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдар,арналған кешенді жоспардың 52
тармағын орындау максатында АТА-АНА БАҚЫЛАУЫН жүргізу бойынша КЕҢ АУҚЫМДЫ НАУҚАН
басталғандығын және жоспардың 11 тармағын орындау үшін ата-аналарға балаларды
тәрбиелеу,оқыту және жалпы дамытудың өзекті сұрақтарына көмектесуге арналған АТА-
АНАЛЫҚ ЧАТ—БОТ құрылғандығын таныстыру.(Чат сілтемесі https//:orken-instituty.kz/ru/fag).

**10.** Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу,(суицид)қауіпсіз
мінез құлық дағдыларын қалыптастыру.

**11**. Жасөспірім мектеп оқушылары арасындағы әлеуметтік желі (интернет)арқылы наркотик
таратуының алдын алу туралы. (Видео ролик көрсету).

**12.** Оқушылар арасындағы «А» вирусты гепатиттің және қызылша ауруының таралуының алдын
алу ата- аналарға санитарлық ағарту,түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
ЖРВИ,тұмау және COVID-19 белгілері,паразиттік арурулары оның ішінде
эхинококк,энтеробиоз,аскаридоз және педикулез,дерматомикоз,қышыма аурушаңдықтардың
алдын алу туралы.

**13.** Иісті газдан уланудың,өрт қаупінің алдын алу.Улы газдан уланудың алдын алу,оқыс
оқиғаларды болдырмау мақсатында техникалық талаптарды сақтау қажеттігін ата-аналар
назарына жеткізу.(Видео ролик және жаднама тарату).

**14.** Қаңғыбас жануарлар (ит,мысық т.б)тарапынан оқушылардың өмірі мен денсаулығына төнетін
қауіп- қатерлердің алдын алу.

**15.**Тыйым салынған интернет сайттарға кірудің алдын алу. (Қауіпсіз интернет,ғаламтор әлеуметтік
желілеріндегі жасөспірімдерге кері әсер ететін тик-ток,порнографиялық,діни
экстремистік,суицидтік контенттер,вконтакте,инстаграмм,ватсап және т.б)сайттарды қадағалау.

**16.**Жасөспірім мектеп оқушыларының қылмыс пен құқықбұзушылықтарының (суық қару
қолдану),топтық төбелестің алдын алу.

**17**.Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қатынастың,ерте жүктіліктің алдын алу.
(Жыныстық тәрбие)

**18.** Оқушылардың жол көлік жарақатының «автожол бойындағы қайғылы оқиғалардың алдын

алу», «Темір жол аса қауіпті аймақ»тақырыбында ақпарат беру.(ҚР ӘҚБТ-кодексінің 559
бабы-5 бөлімінің таныстыру)

**19.**Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу.Қ.Р «Бала құқығы туралы»Заңымен
таныстыру.(өгей ата-аналармен жұмыс)

**20.**Оқушылардың мектепке келіп-кету кезіндегі өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік ата-аналарға
жүктелетіндігін қатаң ескерту.

**21**.Мектептегі «Психологиялық қызметтің»міндеттерін түсіндіру.
(Педагог-психологтар)татуластыру қызметі (медиация)

**22**.Оқушыларды зиянды әдеттерден сақтандыру,алдын алу,қатаң тыйым салу.
(Темекі,электронды темекі,насыбай,алкоголь,психотропты заттар,нашақорлықтың алдын алу)

**23**. Мектеп мүлкіне жанашырлықпен қарау туралы.

**24.** Мектеп әжетханасындағы әдеп қағидаларын сақтау туралы.

**25**. Ата-аналарды қаржылық сауаттандыру,ақпарат беру қаржылық алаяқтықтың алдын алу туралы
түсіндіру.
(Жасөспірімдер арасындағы құқыққа қайшы
интернет кибербуллингі туралы)таныстыру.

**26.**Рұқсат етілмеген су қоймаларында (бассейн,ағынды сулар,өзенкөлдер және
т.б)шомылудың,суға кетудің алдын алу.

**27.**Оқушылардың демалыс орындарына (таулар,өзен,көлдер,кафе,түнгі клубтар,жалдамалы
пәтерлерде,коттеджderге,тарихи орындарға
Түркістан,Отырар,Қазығұрт,Сайрам т.б)ата-аналарынсыз топ болып барып саяхаттауының
алу туралы.

**28.**Оқушылар арасындағы әлімжеттік (буллинг,кибербуллинг)бопсалау,зорлық-
зомбылық,қылмыстарының алдын алу туралы.

**29.**Төтенше жағдайлар кезіндегі алғашқы іс-әрекеттер туралы ақпарат беру.

**30.**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. ҚР «Білім туралы заңының» 63 бабы 1.2 тармағы,5 бабы 7,8 тармақтары,49 бабы 2 тармағымен таныстыру.

**31.**Экстремистік террористік қауіп туындаған кездегі алғашқы іс-әрекеттер туралы ата-аналарға ақпарат беру.

**32.** ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША: 1 (мотоцикл,мопед,скутер)көлік түрлерін жүргізу бала өміріне өте қауіпті екендігі туралы қатаң ескерту.

**33.**«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың,қадағалаусыздықтың,панасыздықтың профилактикасы (алдын алу)туралы»2004 жылғы ҚР заңы (қаңғыбастықтың алдын алу,тастанды ғимараттар,бала өміріне қауіпті қуыс,қараңғы жерлерге жібермеу)

**34.**Қала көлеміндегі барлық өнер,музыка,спорт, секцияларымен үйірмелерге қатысу,барып келу кезіндегі өмір қауіпсіздігіне ата-аналардың рұқсатымен,өмір қауіпсіздігіне толық жауапкершілікте болатынын ескерту (жол ережесін сақтау).



1. Баяндама «Бүгін жасөспірім: қауіптің белгілері және қорғану тәсілдері»
2.1-жарты жылдың қорытындысы туралы сынып жетекшісінің есебі
3.Әр түрлі мәселелер

Қатысқаны: 15 адам
Шақырылған қатысушы 23

Күн тәртібі бойынша сөйлегендер:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі «Отбасы – тәрбие басы» атты баяндамасын оқумен басталады. Тәрбиенің негізі отбасынан бастау алатыны жайлы айтып өтті.
2. Екінші мәселе балалардың сабаққа қатысуы,үлгерімі,тәртібі,формалары жайлы айтылды.І-жж бағалары көрсетілді.
   Жаңа 2025-2026 оқу жылында ата-аналар түгел келісім шартқа отырды. Мектепте ағымда түрлі іс- шараларға ата- аналар комитеті өз қолдауларын көрсететіндігін айтып өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің мүшесі сөз сөйледі.
4. Ата- аналардың балаларына дұрыс көңіл бөліп, тәрбие беруі және оқу үлгеріміне көбірек көңіл бөлуі жайында, сонымен қатар оқушылардың мектеп формасымен келуіне мән беруі керектігін қоса айтып өтті.
   Себепсіз балаларын сабақтан алып қалмауын да айтып өтті. Тоқтала келе ата-аналар мен мұғалім арасында тығыз байланыс орнатылуы тиіс екендігі айтылды.
5. Бесінші мәселе мектепте телефон ұстауға болмайтыны жайлы,мектеп тәртібі мен талаптарын сақтау жайлы айтылды.

Жиналыстың шешімі:

1. І-жарты жылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2.Оқушылардың үлгерімі,тәртібі,мектеп формасы қанағаттанарлық деп табылсын.
3.Ата-аналар балаларын көбірек қадағалап, сабақтан қалдырмай жіберсін.

Сынып жетекші: М.А.Агабекова

Ата – аналар комитеті: М.А.Бархиева

**В.Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-нің 2025-2026 оқу жылында мектептің 4 А-сынып ата-аналарымен өткізетін ІІ-тоқсан қорытындысы жиналысының**
**КҮН ТӘРТІБІ.**

Мерзімі: ІІ ауысым 23.01.2026ж
Уақыты: 17:30
Өтілетін орны: 4 кабинет

**Күн тәртібінде:**

1. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың, қылмыстың, суық қарудың, ұры-қарылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, темекі шегудің алдын-алу». Баяндама
2. ІІ-тоқсан қорытындысы
3. Тыйым салынған интернет сайттарға кірудің алдын алу.
(Ғаламтор әлеуметтік желілеріндегі жасөспірімдерге кері әсер ететін Тик-ток, ВКонтакте, инстаграм, ватсап және т.б сайттарды қадағалау).
4. Мектепте ұялы телефон ұстауға қатаң тыйым салу туралы.
5. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың, қаңғыбастық пен панасыздықтың алдын алу, түсіндіру жұмыстары.
6. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру.
(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мектептен тыс үйірмелерге оқушыларды тарту)
7. Оқушылардың жол көлік жарақатының алдын алу «Автожол бойындағы қайғылы оқиғалардың алдын алу», «Темір жол аса қауіпті аймақ» тақырыбында ақпарат беру.
8. Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу.
9. Ата-аналарға Қ.Р «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің» 409,442,127 баптарын таныстыру, Қ.Р «Білім туралы» заңының 49 бабы 63 баптың 1,2 тармағын» таныстыру.
10. Отбасыдағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. Қ.Р «Бала құқығы туралы» заңымен таныстыру.
11. Оқушылардың мектепке келіп-кету кезіндегі өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік ата-аналарға жүктелетінін қатаң ескерту.
12. Мектеп әжетханасындағы әдеп қағидаларын сақтау туралы.
13. Иісті газдан уланудың алдын алу, өрт қаупінің алдын-алу.
14. Тайғанақ мұздан, төбеден түсетін мұз сүңгілерінен жарақат алудың алдын-алу.

1. Бүгінгі іс - шарамызда біз жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында жиі кездесетін Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері, қылмыстық жауапкершіліктің мерзімі жөнінде таныстырып өтеміз.

Бұл тақырып бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырғандығы баршаңызға белгілі. Мемлекетіміздің ата Заңының 1 – бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды. «Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген.

Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы..

Қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу,кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Әкімшілік құқық бұзушылық дегеніміз - мемлекеттік немесе қоғамдық меншікке, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандығына қол сұғу әрекеті.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері:

**1.Жеке басқа қол сұғылмаушылық, Жеке өмірге қол сұғылмаушылық және құпияны қорғау** / Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысушы адамдардың ешқайсысын азаптауға, оларға күш қолдануға, қатыгездікпен немесе адами қадір-қасиетін қорлайтындай карауға болмайды. Жеке өмір, жеке бас, отбасы құпиясы, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия заңның қорғауында болады /

**2. Меншікке қол сұғылмаушылық** / Меншікке заңмен кепілдік беріледі. Сот шешімінсіз ешкімді өз мүлкінен айыруға болмайды./

Әкімшілік құқық бұзғаны үшін жеке тұлғаға мынадай әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін:
ескерту жасау;
әкімшілік айыппұл;
әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы не нысанасы болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу;
арнайы құқықтан айыру; рұқсаттан айыру немесе оның қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен алып тастау; қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу;
ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 440- бабы бойынша алкогольдік ішімдік ішу және қоғамдық орыдарға масаң күйде келсе оған 3 айлық есептік көрсеткіш есебінде айыппұл төлейді.
Ягни 1 рет ұсталса 5 мрп- 12625 тенге,2 рет ұсталса 10 мрп – 25250 тенеге,3 рет ұстласа сотқа тартылады.

- Жекелеген қоғамдық орындарда темекі тартса,оған ӘҚБ кодексінің 441 –бабы бойынша 3 МРП айыппұл салынады.
- Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. 5 мрп /12625 тенге/ айыппұл салынады. - Қоғамдық тыныштықты бұзу,ӘҚБ кодексінің 434- бабы бойынша, Жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, түнгі уақытта (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын үй-жайларда және олардың сыртында шұғыл қажеттілікпен байланысы жоқ шу шығаратын жұмыстарды жүргізу – жеке тұлғаларға – 5 мрп, **/12625** тенег /шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 10 мрп **/25250** тенге /, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 15 мрп **/37875/**, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 50 мрп **/126250** тенге / айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

БАЯНДАМА

Бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылып отыр.

Қылмыс – бұл құқық бұзушылықтың бір түрі. «Қылмыс» ұғымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9 – бабында берілген: «Осы кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамдық қауіпті әрекет – қылмыс деп танылады».

Жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе. Жасөспірімдер қылмысы мен тәртіпсіздігі неден бастау алады?

Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 06.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Зерттеу нәтижесінде, келесі себептер көп кездескен: - Төменгі экономикалық – қоғамдық статус; - Мәдениеттегі зорлық және бұқаралық ақпарат құралдары; - Алкоголь және наркотикалық заттар; - Құрдастарының әсері;

Бұл жерде Төменгі экономикалық - қоғамдық деңгей және кедейшілік әсер етеді. Көбінде қылмысқа, жұмыс және білім алатын жағдайлары жоқ, өз өміріндегі жағдайларға көңілі толмайтындар барады. Сонымен қатар қылмысты жоғарғы өкілдердің (бизнесмен, бай адамдардың) балалары жасайды. Себебі, олар материалды жағдайдан қиыншылық көрмейді. Тек орташа тұратындардың жасөспірім балалары қылмысқа сирек барады. Бай өкілдердің балаларын көбінде айып төлеп босатса, кедей балалардың ата - аналары айып төлеп, шығара алмағандықтан, оларды тұтқынға алып жазалайды.

Қылмыс неден туындайды?

- Біреудің мүлкін пайда көріп алудан
- жұмыссыздықтан
- Ішімдікке салынғандықтан
- Төбелеске жақын адамнан
- Анаша шеккен адамдардан қылмыс
- Әлеуметтік жағдайдың ткмендігінен
- Ата анасының тілін алмағаннан,тәртіпсіздік

**Қоғамға қауіптілік сипаты біртекті қылмыстық құқық бұзушылықтарды қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай үш түрге бөледі: 1) Жай қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 99-бабының 1-бөлігі), - / Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату – 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады/**

- Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру –/ 3 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

- Зорлау, яғни жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау –

- 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

- Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, 1000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

- Қорқытып алу - Қорқытып алушылық, яғни күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жасауды талап ету – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, 4000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір 1000 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 4 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, әрбір азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау,өзегелердің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуіміз абзал. Тыңдалды.

**2 – мәселе ІІ-тоқсан қорытындысы** Сынып жетекші Еркабаева А.К.

ІІ-тоқсан қорытындысымен таныстырылды

<u>Үздік оқушылар</u>

| Үлгерімі | Саны | Сыныптағы % | АТЫ-ЖӨНІ |
|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Үздік оқушылар** | | **6** | **24%** | Аманкос Ә.<br>Қайырғали М.<br>Мұратбекұлы С.<br>Нұрсұлтан М.<br>Раймбек А.<br>Сайлау Н. |
| **Үлгерімі жақсы оқушылар** | **Барлығы** | **8** | **32%** | Абдрахим А.<br>Акжол Е.<br>Алтай Е.<br>Альжанұлы А.<br>Байдолда А.<br>Қанайбек А.<br>Тұрарбек Ж.<br>Хусайн Е. |
| | Бір "4" деген бағасы бар | 0 | 0% | |
| **Үлгерімі орташа оқушылар** | **Барлығы** | **11** | **44%** | Абдурахмон А.<br>Абдурахмон А.<br>Абсалы А.<br>Ақжан Ж.<br>Әлихан Т.<br>Елеу А.<br>Елибаева А.<br>Еркебай А.<br>Қалдымұрат А.<br>Мырзагелді А.<br>Тәжібек М. |
| | Бір "3" деген бағасы бар | 0 | 0% | |
| **Үлгерімі төмен оқушылар** | | **0** | **0%** | |

1. Тыйым салынған интернет сайттарға кірудің алдын алу.

(Ғаламтор әлеуметтік желілеріндегі жасөспірімдерге кері әсер ететін Тик-ток, ВКонтакте, инстаграм, ватсап және т.б сайттарды қадағалау).

**Интернеттегі балалардың қауіпсіздігі - ең маңызды міндет.**

Балаңыз қандай ақпарат беттеріне кіріп, онда қаншалықты қауіпсіз мәлімет оқып отырғандығы әрбір ата-ананы алаңдатады. Астана қаласының Ішкі істер департаменті ата-аналарға интернет желісіне кірген кезде балалардың қауіпсіздігін қадағалауға және оларды бақылауға шақырады деп хабарлайды

1. Тыйым салынған сайттар тізімін, ғаламторда өткізілген уақытты және интернетте (соның ішінде чаттар тізімінде) байланысу үшін нұсқаулықты көрсету керек.2. Балалардың вертуалды достары жайында көбірек сұраңыз, олар немен шұғылданып, қандай жайттарға әуестігін біліңіз. Сонымен қатар, қандай адамдармен хат-хабар алысып, кімге көп хабарлама жіберетіндерін сұраңыз. Және бұл адамдар оның таныстары екендігіне көзіңізді жеткізіңіз.3. Балалар қандай чаттарға тіркеліп, ақпарат жинайтын сайттарынан хабардар болыңыз. Бүлдіршіндердің жасырын режимінде сөйлесулеріне жол бермеңіз.4. Ғаламтордағы достарымен жеке кездесуге ешқашан келісім бермеңіз.5. Балаларға электрондық пошта, сөйлесу бөлмелері, жылдам хабар алмасу жүйелері, тіркеу формалары, дербес профильдер арқылы және интернеттегі конкурстарға тіркелу кезінде ешқашан жеке ақпаратты таратуға болмайтының ұғындырыңыз.6. Балаларға сіз рұқсат бермегеніңізше бағдарламаларды, музыканы немесе файлдарды жүктетпеңіз. Басқа жағдайда олар авторлық құқықты және сол арқылы заңды бұзуы мүмкін екенін түсіндіріңіз.

7. Балаңызға ғаламтор арқылы біреу қоқан- лоқы көрсетіп, дөрекі сөйлеп, мазасын алса бірден айтуға үгіттеңіз.

8. Спамдардан қорғануға көмектесіңіз. Балаларға интернет арқылы электрондық пошта мекен-жайын бермеуге үйретіңіз, қажет емес электрондық пошта хабарларына жауап бергізбеңіз және арнайы пошта сүзгілерін пайдаланыңыз.

9. Балаларыңыз кіретін сайттарды жеке көріп шығыңыз. Олар қорлау мазмұны бар сайттарға кірмейтініне, жеке ақпаратты немесе фотосуреттерін жарияламайтындығына көз жеткізіңіз.

10. Балаларды қатыгездікке және зорлық-зомбылыққа, өзін-өзі өлтіруге үгіттейтін интернет ресурстарынан қорғаңыз.

11. Интернеттегі заттарды сатып алу немесе сату алдында балалар сізбен кеңесетініне көз жеткізіңіз.

12. Балалармен ғаламтордағы құмар ойындары жайында және одан келетін қауіп туралы сөйлесіңіз. Оларға бұл заңсыз екенін ұғындырыңыз.

1. Мектепте ұялы телефон ұстауға қатаң тыйым салу туралы.

2. «Телефон ұстамауға келісем, біріншіден, балалар осы смартфон деп көңіл-күйлері соған қарап ауып кетеді сабаққа емес. Екіншіден, көп уақыттарын ойынмен, өздеріне қажетті емес нәрселермен айналысып өткізеді».

**Мектепте ұялы телефонды ұстамау туралы ата аналардан қол қойғызып рұқсатын алдық барлық ата-ана қол қойды .**

**«Кәмелетке толмаған оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтарының қаңғыбастықтың, зиянды сайттарға кірудің, аутодеструктивті мінез-құлықтың, қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу туралы.**

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу – басты міндет

Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-

балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.

Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте көптеген жұмыстарға атқарылып жатыр. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді.

Бүгінде мектебімізде спорттық үйірмелер жұмыс істеп, оған бірнеші оқушы тартылып отыр.

Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Сонымен қатар мектепте оқушы сабақтан тыс қосымша біліммен қамтылып отыр.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан тәртібі нашар, ішкі істер органдарында есепте тұрған оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізуден жалықпау керек сияқты.

Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау

Сонымен қатар,«Аутодеструктивті» сөзі латыннан аударғанда – қалыпты жағдайдағы құрылымының бұзылуы деп атайды. Аутодеструктивті мінез – құлық – адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез - құлық. Аутодеструктивті мінез - құлық – қазіргі таңда кең таралып кеткен күрделі де қауіпті феномен. Қазіргі таңда қоғамда аутодеструктивті мінез - құлықтың көптеген түрлері таралуда. Сондықтан оны түзету жолдары ғана емес, алдын алу шаралары да маңызды роль атқарады. Аутодеструктивті мінез-құлыққа шалдығуға әсіресе жасөспірімдер көбірек бейім, себебі жас ерекшелік өзгерістер болып жатады – эмоцияналдық тұрақсыздық, әлеуметтік жағдайлардың күрт өзгеруі (олардан өзбеттілікті, жауапкершілікті талап ете бастайды), өмірлік тәжірибенің аздығы, «ақ пен қараны» ажырата алмау, сонымен қатар жағымсыз экологиялық, экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсері. Енді осы аутодеструктивтік мінез – құлықтың негізгі түрлеріне тоқталатын болсақ:

Аутоагрессивті мінез-құлық

Тағам қабылдауға тәуелділік немесе керісінше

Фанатикалық мінез-құлық

Аутистік мінез – құлықм түрлеріне толық тоқталып өтті

**Оқушылардың авто-жол, темір-жол бойындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, өмір қауіпсіздігін сақтау. (Тик-ток, Селфи)Темір жол аса қауіпті аймақ»**

Темір жол аймағы қауіпті болып есептелінеді. Темір жол локомативтері үлкен кернеулі электр желісімен қозғалады, ол электр желісінің күші 27 500 В Бұл электр жүйесі тұрақты, мұндай электр желісіне жақындағанда кернеу үлкен күшпен ұрып тірі жанды күйдіріп жандырады. Мысалы 26.12.2021 ж Тараз қаласында бір оқушы

27.12.2021 ж Алматы қаласынгда 3 жасөспірім балалар стансада тұрған вагондар үстіне шығып, үлкен ток кернеуіне түсіп қайтыс болды Қазіргі анықталғаны: бұл балалар вагон үстіне шығып «**Тик-Ток**» түсірмекші болған, «**Селфи**» жасамақшы болған

Осы мысалға сүйене отырып біз сіздерден темір жолда тұрған вагондардың астынан өтпеуге және вагондар үстіне шықпауды өтініп сұранамыз Бұл қысқа ғғмырды саналы түрде өткізейік

«Темір жол аса қауіпті аймақ Көлік сақшылары қанша дабыл қаққанмен, өкінішке орай бақытсыздық жағдайлар азаймай отыр. Мұндай оқыс оқиғалардың көбі адамдардың өз өмірлері мен денсаулықтарына немқұрайлы қарап, ережелерді дұрыс сақтамағандықтарынан болып жатады. «Темір жол-өте қауіпті аймақ». Осы бір айналасы жұп-жұмыр келген бір-ақ ауыз сөздің мән-мағынасын көпшілік жұрт жете түсіне бермейтінге ұқсайды. Түсінсе де құнт қылмайды. Әйтпесе, пойыздар қозғалысына сырттан қауіп төндіру факторлары азаюдың орнына көбеймес еді ғой. Темір жол бойына кездейсоқ зат тастауға және белгіленбеген жерден өтуге қатаң тыйым салынады. Темір жол бойына 200 метрге дейін жақын малды тек арқандап жаюға болады. Ал, 2000 метр таяу болса, міндетті түрде бағушысы болуға тиіспіз. Осы талапты орындамай, темір жол қауіпсіздігіне қасақана қауіп төндірген мал иелері қылмыстық жауапқа тартылады. Осындай берекесіздіктер мен жауапсыздыққа жол берілсе, әр түрлі жол апаттарына, поездардың аударылуына әкеліп соғуы мүмкін. Темір жол өткелдерінен өтерде жол ережесін қатаң сақтаңыздар! **Өз өмірлеріңізге де, өзгенің өміріне де қауіп-қатер әкелмеңіздер!** Деген қанатты сөздермен аяқтады

**Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мектептегі, қаладағы үйірмелер мен спорт секцияларына қатыстыруды ұйымдастыру туралы.**

Бүгінгі таңда қоғам алдында балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мәселесі тұр. Бос уақытты тиімді өткізу бала тұлғасының қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін дебаттық, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр - түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастыру өте маңызды Біздің мектебілміздің өзінде шахмат, тоғызқұмалақ, валейбол, баскетбол, теннис т.с.с спорттық үйірмелер м ен би домбыра үйірмелері жұмыс жасайды Баланың бос уақыты тиімді ұйымдастырылса қылмыс жасауға бала уақыты болмайды деп ойлаймын

Сондықтан сіздерге айтарым осы үйірмелерге сабақтан кейін келіп қатысуын қамтамассыз етсеңіздер екен

Мектеп оқушыларын тегін мектеп тамағымен қамтамасыз ету туралы ережені таныстыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының 43-ші бабының 3 тармағының 11 тармақшасына, 45 бабы 3 тармағының 4 тармақшасына, 48 бабына сәйкес, Балалар құқықтары Конвенциясының 24 бабына сәйкес мектепалды және 1-11 сынып оқушыларының білім алуын қамтамасыз ету және оған жағдай жасау мен бөлінген бюджет қаражатының мақсатты түрде жұмсалуын қамтамасыз ету мақсатында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

**10 мәселе ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылығы туралы кодексінің» 442,409,127,434,435,436,438,440,448 баптарын таныстыру.**

**127-бап. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамау**

1. Ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және (немесе) оларға білім беру, олардың құқықтарын және (немесе) мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамауы – он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

**409-бап. Қазақстан Республикасының білім беру, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын бұзу**

Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы - ескерту жасауға немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**434-1-бап. Жеке тұлғалардың спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларда жүріс-тұрыс қағидаларын бұзуы**

Жеке тұлғалардың спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларда жүріс-тұрыс қағидаларын: 1) спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарға алкоголь өнімін, металл, шыны ыдыстағы өнімді, пиротехникалық бұйымдарды және пайдаланылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі не жеке және заңды тұлғаларға материалдық нұқсан келтіруі мүмкін өзге де заттарды алып кіру; 2) спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін уақытта әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған, сол сияқты жеке тұлғалардың құқықтарын кемсітетін плакаттарды, эмблемаларды, транспаранттарды және өзге де көрінетін заттарды пайдалану түрінде бұзуы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**435-бап. Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық**

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 293-бабының бірінші бөлігінде көзделген, он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық –ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**442-бап. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы**

1. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы –заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

**448-бап. Кәмелетке толмағандардың вандализмі**

Он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған вандализм, яғни мемлекет қорғайтын ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи объектілерді, адамдар жерленген жерлерді жазулармен немесе суреттермен, немесе қоғамдық имандылықты қорлайтын өзге де әрекеттермен қорлауы, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіруі – ата-анасына немесе оларды алмастыратын адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады деп сөзін аяқтады

**11- Оқушылардың мектепке келіп-кету кезіндегі өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік ата-аналарға жүктелетінін қатаң ескерту** – мәселесі бойынша ата-аналардан қол хат жазылып алынды, ескерту хатқа қол қойдырдық.

**12-мәселе. Оқушыларды зиянды әдеттерден сақтау. (Темекі, электронды сигарет, насыбай, алькоголді заттар).** "Сау дене, азат ақыл, адал көңіл – үшеуімен бақытты болады өмір!" деген тақырыпта балаларғатәрбие сағатының өткізілгенін айта отырып, ата-аналармен әңгіме жүргізілді. Балалардың зиянды әрекеттерден аулақ болып, өз өмірлеріне тигізетін зияны туралы үйде, отбасында айтылуы туралы ескертілді.

**13 мәселе .** Күн тәртібіндегі келесі мәселе - Мектеп әжетханасындағы әдеп қағидаларын сақтау туралы. Адамның ұзақ, мәнді де сәнді өмір сүруінің негізгі – оның денсаулығы.

II тоқсан аралығында оқушылардың тазалығын байқап отырдым. Жалпы сыныптағы оқушыларға мектеп әжетханасындағы әдеп қағидаларын сақтау туралы баяндама оқылып, әдепті, ережені сақтау қажеттігін баса айттық.

**14 мәселе**. Күн тәртібіндегі келесі мәселе - иісті газдан уланудың алдын алу, өрт қаупінің алдын-алу. «Иісті газдан уланудың және өрт қауіпсіздік ережелері туралы сыныпта тәрбие сағатының өткізілгені туралы айтылды. Ата-аналарға да иісті газ бен өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтану туралы баяндама оқылды.

**15-мәселе.** Тайғанақ мұздан, төбеден түсетін мұз сүңгілерінен жарақат алудың алдын-алу. Мұздан, шатырдан түсетін мұз сүңгілерінен жарақат алудың алдын алу» тақырыбына да баяндама оқылып, қаіпсіздік ережелерін мұқият сақтау керектігін айттық.

Көбінесе жағдайларда өз өмірін сақтап қалу және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білуіне байланысты болады. Мысалы: алғашқы медициналық көмек төтенше жағдайлар кезінде. Өмір қауіпсіздік негіздерін ӘР ҚАЙСЫСЫ білу керек және де әр қайсысы түсініп отыру керек, өз уақытында бәрін дұрыс жасауын біздің денсаулығымызға және өзіміздің өмірімізге, балаларымызға қаншалықты маңызды екенін білу керектігі ескертілді.

**Қаулы:**

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша оқушыларды қадағалау, түсіндірме жұмыстарын жүргізу ата – ана мен сынып жетекшіге жүктелсін

Сынып жетекші Еркабаева А.К.




